



ӨСКЕН ӨҢІР

www.oskenonir.kz

Шардара аудандық қоғамдық-саяси, ақпараттық- жарнамалық газеті

Сүбелі сөз

Етігі жаман төрге шыға алмас,
Жеңі жаман ас іше алмас.

Халық даналығы.

Газет 2011 жылдың қаңтар айынан шыға бастады 17 сәуір, 2015 жыл №16(229) e-mail: Oskenenir@mail.ru

Сайлау – 2015

Қоғамдық штаб сайлауға қызу кірісті

Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидат Н.Ә.Назарбаевтың Шардара аудандық қоғамдық штабының республикалық жүйелі кестеге сәйкес өткізілген аудандық штаб мүшелерінің зейнеткерлермен кездесуі 10 сәуір күні болып өтті.

Кездесуді аудандық штаб жетекшісі

Т.Бердібеков ашып, сөз сөйледі. Одан кейін зейнеткерлер алдында штаб мүшелері, қалалық қоғамдастық төрағасы Қ.Ілесов, «Шардара СЭС» АҚ заң бөлімінің басшысы Ү.Құралбай, аудандық емхананың бас дәрігері Ж.Оспанова Президент сайлауына қатысу, Елбасының елге сіңірген еңбегі мен Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктері туралы өз пікірлерін айтып, сайлауда Елбасы Н.Назарбаевқа дауыс беруге шақырды.

Зейнеткерлер атынан қаламыздағы Мелде би шағын ауданының биі А.Шайхан, Жаушықұм ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Құдайбергенов, еңбек ардагері Б.Білеловтер Елбасының жүргізіп отырған саясатын толық қолдайтындықтарын, оның зейнеткерлерге жасап жатқан қамқорлығын сезінетіндіктерін, оған толық сенім білдіретіндіктерін айтты.

Өз тілшімізден.



Мен алғаш рет дауыс беремін

Мұрат ОТАРОВ, №16 колледж студенттерінің жастар қоғамының президенті.



– Иә, мен үшін биылғы жыл ерекше жыл болғалы тұр. Өйткені, мен Президенттік сайлауға бірінші рет қатысқалы отырмын. Қуанышымда шек жоқ. Мен алғаш рет таңдау жасауға мүмкіндік алдым. Ел мүддесі үшін дұрыс таңдау жасаймын деп ойлаймын. Ел бірлігі мен тыныштығы баршамыз үшін маңызды болып табылады. Ал ел игілігі үшін жастар қауымы жан-жақты білім алып, қажырлы еңбек етуіміз тиіс. Мақсаты анық та айқын елдің болашағы зор болмақ.

Рашид ЖҮСІП, Достық ауылының тұрғыны, студент.

– Мен Достық ауылындағы орта мектепті бітіріп, ауданымыздағы кәсіптік мамандар даярлайтын колледжде білімді жалғастырудамын. Елімізде жастардың білім алуына барлық жағдай жасалған. Сондықтан да еліміздің дамуы үшін өз үлесімді қосуға дайынмын. Осындай бейбіт те ынтымақты елдің басшысын таңдау құқығына ие болғанымға өте қуаныштымын. Ел үшін маңызы зор саяси науқан күні мен алғашқылардың бірі болып, таңдау жасайтын боламын.



Бәрекелді!

13 спортшы алтыннан алқа тақты

4-11 сәуір күндері армрестлингтен Түркия мемлекетінің Анталия қаласында Азия чемпионаты болып өтті.

Жарыста Азияның алпауыт мемлекеттерінен 700-ге жуық спортшы саңлақтар бас қосты. Қазақстан Республикасының Ұлттық құрамасының 50 пайызын құрайтын шардаралық балуандар аталған байрақты бәсекеге үлкен дайындықпен барды. Жаттықтырушы С.Нұрхалықов бастап барған балуандар сенімді ақтады.



Біріншіліктің қорытындысы бойынша Шардарадан барған 15 спортшының 13-і алтыннан алқа тағынып, Азия чемпиондары деген атақты иеленді. Жерлестеріміз Босфор жағасында көк туымызды 13 рет көтеріп, 13 рет әнұранымызды шырқатты. Атап айтар болсақ, жасөспірімдер арасында 55 кг-да (қыздар арасында) Ләззат Мәлікайдар, 55 кг-да (ұлдар арасында) Фабит Әшімхан, 60 кг-да Қыдыр Өсербайлар топ жарды.

Жастар арасында Ришат Сафин (60 кг), Нұрдаулет Қадір (65 кг), Рамазан Жамқұров (70 кг), Қайырхан Шәмиев (75 кг), Ғалымжан Қарсыбаев (80 кг), Нұрдаулет Сәдуақасовтар (85 кг) және ересектер арасында Дәурен Әбсаттар (55 кг), Медет Оразбеков (60 кг), Талғат Ақтаев (65 кг), Фани Малбасовтар (85 кг) өз салмақтарының чемпионы атанды.

Ел үмітін ақтаған спортшыларымызды шын жүректен құттықтай отырып, алдағы Малайзия мемлекетінің Куала-Лумпур қаласында өтетін Әлем чемпионатында да топ жаруларына тілектестік білдіреміз.

Ш.РАЙХАНОВ,

аудандық денешынықтыру және спорт бөлімінің маманы.

Ағаш екті, тул екті, туған жерді түлетті



Өткен аптаның сенбісінде «Нұр Отан» партиясы жанынан құрылған аудандық қоғамдық штаб мүшелері, еңбек ардагерлері, спортшылар және өзге ұлт өкілдері қаламызға көрік беріп тұрған «Тұңғыш Президент» саябағында ағаш көшеттерін отырғызып, сенбілікке өз үлестерін қосып, белсенділіктерін танытты.

Шараға қатысушылар: «Көктемнің көгөрай күнінде бір сәт табиғат аясына шығып,

демалғанымыз әрі қоғамға да пайдамыз тигеніне қуаныштымыз», – дейді. Саябақ ішінен Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай жаңадан салынып жатқан «Ардагерлер үйінің» құрылысын да өз көздерімен көрген ардагерлер: «Қаламыз көркейе берсін!» – деп тілек айтты.

Аудандық мәслихаттың хатшысы, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы, аудандық қоғамдық

штабтың жетекшісі Т.Бердібеков: «Қазақстан Халықтары Ассамблеясының 20 жылдығына – 20 қайырымды іс-шара» аясында бүгін ауданымызда мекендейтін түрлі ұлт өкілдері мен ардагерлер қауымы бірігіп, көгалдандыру жұмысына өз үлестерін қосып жатыр. Бүгінгі шараға қатысқан 100-ге тарта азаматтар әрқайсысы бір-бір дарақтан көшет отырғызып шықты», – дейді.

Өз тілшімізден.



Сайлау – 2015

Ардагерлер жастар ортасында



жатқан жұмыстар туралы баяндап өтті.

Еңбек ардагерлері С.Құдайбергенов, Б.Білалов, Ү.Құралбай және аудандық штаб мүшесі, №16 колледж директоры З.Талбидин жастарға арнап сөз сөйледі және оларды алдағы сайлауға түгел қатысуға шақырды.

Өз тілшімізден.

Жуырда №16 колледжде «Аталар сөзі – жас ұрпаққа мұра» тақырыбы бойынша жиын өткізілді. Шараны Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидат Н.Ә.Назарбаевтың Шардара аудандық қоғамдық штабының жетекшісі Т.Бердібеков ашып, алдағы келе жатқан Президент сайлауы, оның саяси маңызы, Елбасының елімізді өркендету жолындағы ерен еңбегі, ұрпақтар сабақтастығы, елімізде зейнеткерлер мен жастарды қолдау бойынша атқарылып



Әкім және әлеумет

КЕЗДЕСУДЕ КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕЛЕР ОҢ ШЕШІМІН ТАУЫП КЕЛЕДІ

Аудан әкімінің есеп беру жиыны қаңтар айының 14-21 жұлдыздары аралығында барлық ауылдық округтер мен қалада өткізілгені белгілі. Сондай-ақ, ауыл, қала әкімдері де мезгіл ішінде тұрғындармен кездесіп, есеп беру жиынын өткізді. Осынау есепті кездесулерде тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлер, сын-ескертпелер арнайы хаттамаға түсіп, ал шешілуі тиіс мәселелерге аудан әкімі Қ.Айтөреев мәжіліс барысында жауап қайтарып отырғаны жөнінде аудандық «Өскен өңір» газетінде жазылды.

Біз сол есепті жиындарда көтерілген мәселелердің қандай деңгейде орындалып жатқаны жөнінде бірсыпыра айтып өтсек дейміз. Есепті кездесулерге жалпы 2902 тұрғын қатысқан. 103 адам сөзге шығып, 96 ұсыныс-пікір айтылды. Енді осылардың ішіндегі өзекті деген мәселелердің орындалу барысына тоқталсақ.

Мәселен, Достық ауылында өткен есепті жиында ауыл ақсақалы Ә.Мүсәлі ауылға газ тарту жайында өтініш білдірсе, Ж.Букеев ауылдағы Алатау батыр және Жаңа құрылыс көшелеріне электр желісін тартып, тас төсе деген тілек айтқан еді. Ж.Букеевтің айтқан өтінішіне байланысты қазіргі таңда жобалау-сметалық құжаттары (ЖСҚ) әзірленіп, келер жылдың бюджетіне ұсыныс берілетін болды. Ә.Мүсәлі көтерген көгілдір отын мәселесі барлық ауылға ортақ проблема. Бұл бойынша Қызылқұм, Сүткент, Ақ алтын, Егізқұм, Достық елді мекендеріне жоғары қысымды газ құбырын жүргізу бойынша «ОҚО Шардара ауданы, Қызылқұм, Сүткент, Ақ алтын, Егізқұм және Достық елді мекендерінің жеткізгіш газ өткізгіш құрылысы» нысаны арқылы құрылыс жұмыстары 2015 жылы басталып, 2017 жылы аяқталады.

Ақшеңгелді ауылдық округінде өткен жиында ауыл тұрғыны Т.Норманов ауылдағы 4 көшеге жөндеу жүргізілсе деген ұсыныс білдірді. Бұл көшелердің ЖСҚ-сы аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық және автомобиль жолдары бөлімі арқылы дайындалды.

Биыл Абай көшесіне орта жөндеу жұмысы жүргізілетін болды. Сүткент ауылының тұрғыны А.Алтынбаева да көше жөндеу мәселесін аудан басшысына көлденең тартып еді. Бұл ауылдағы екі көше «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында биылғы жылы орта жөндеуден өтетін болды. Қызылқұм ауылының тұрғыны Қ.Бегалиевтің «Жасыл аймаққа» бөлінген жер телімін қоршап беру жөніндегі өтінішіне сәйкес бұл жұмыс таяу мезгілде оң шешімін табатынын хабарлаймыз.

Алатау батыр ауылының тұрғыны А.Аудабаевтың көтерген көшелерді жөндеу мәселесі бойынша ауылдағы үш көшеге тас төсеу жұмысы келесі жылдың жоспарына енгізіліп отыр. Ұзын ата ауылының тұрғыны Ұ.Бітімбаева көтерген мәселе бойынша ауызсу жүйелерінің құдықшаларына бүгінгі таңда түгендеу жұмыстары жүргізілуде. А.Жұмалиева көтерген аяқ жол салу жұмыстары да қазіргі күні жүзеге асып жатыр. Көксу ауылының тұрғыны Қ.Аралбаева қозғаған ағаш көшеттерін қоршау жұмысы бойынша ауылдағы «Жасыл аймаққа» бөлінген 1 гектар жердің ЖСҚ-сы дайындалып, биылғы жылдың бюджетіне кіргізілді. Қоссейіт ауылының биі С.Шалқарбаев көтерген ауылдық емхананың бос тұрған екінші қабатын күндізгі емдеу бөліміне айналдыру туралы өтініші бүгінгі таңда толықтай орындалды. Сол сияқты, ауыл ақсақалы Ә.Маңқараевтың «Қоссейіт» жалпы орта мектебіне қосымша спорт залын салу туралы айтқан мәселесі бойынша қазіргі кезде ЖСҚ әзірлену үстінде.

Шардара қаласы бойынша ең алғашқы көтерілген мәселенің бірі – қалаға газ тарту болды. Аудандық мәслихат депутаты З.Талбидин қозғаған бұл маңызды мәселе бойынша бүгінгі таңда Шардара қаласын газдандыру жұмысының ЖСҚ-сы әзірленіп, 2016 жылға облыстық бюджетке ұсынылатын болды. Аудандық мәслихат депутаты Е.Қарымсақов есепті жиында ауданда туризмді дамыту мен қаладағы әуежайды іске қосу

мәселесін көлденең тартты. Облыс әкімі А.Мырзахметовтің тікелей бақылауында тұрған бұл шаруалар бойынша да тірліктер жасалуда. Шардара су қоймасы жағалауынан туристік аймақ құруға орман қорының жерінен 255,3 га жерді ауданның арнайы жер қорына алу үшін тиісті құжаттар әзірленіп, құзырлы орындар жұмыс жүргізуде. Ескі әуежайды қайта құрылымдау жұмыстары бойынша да тиісті құжаттар дайындалып, техникалық-экономикалық негіздемесін жасауға 24,63 млн теңге қаржының қажеттігі жөнінде облыстық бюджетке ұсыныс берілді. Қалалық қауымдастық төрағасы Қ.Ілесов «Тама-Тастанбектің» таза суын пайдалану туралы айтқан ұсынысы бойынша бұл аймақтан жер учаскесін таңдау, рәсімдеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын хабарлаймыз. Алдағы уақытта «Қазушар» РМК-ның облыстық филиалы тарапынан ЖСҚ әзірлеуге тапсырыс берілмек. Сондай-ақ, қала тұрғыны Қ.Боранбаев бос жатқан балық тәлімбағын іске қосу туралы өтініш білдірген еді. Шардара қаласындағы «Шардара балық питомнигі» ЖШС бойынша коммерциялық тәндер өткізіліп, нәтижесінде «Сапа Инвест Плюс» ЖШС жеңімпаз болып танылған. Қазіргі таңда осынау жеңімпаз компания тарапынан іс-шара жоспары дайындалып, балық тәлімбағын қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Біздер аудан әкімінің есепті кездесуінде көтерілген бірнеше мәселелер бойынша атқарылып жатқан шаруаларды көрсетіп өттік. Тұрғындар тарапынан айтылған басқа да мәселелер бойынша қала, ауыл әкімдеріне тапсырмалар беріліп, ол жұмыстармен тиісті мамандар шұғылданды.

Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында материалдар жарияланып, ұсыныс-пікірлердің орындалуы аудан әкімі аппаратының бақылауында.

Аудан әкімі аппаратының баспасөз қызметі.

Тізімді тексеріп көріңіз

Құрметті сайлаушылар!

10 сәуірден бастап, дауыс беру күніне дейін және 26 сәуір дауыс беру күні сіз өзіңіз туралы деректерді сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімінен тексере аласыз.

Аты-жөніңіз тізімде болмаған жағдайда, сіз учаскелік сайлау комиссиясына өтініш бере аласыз. Сайлау учаскесінде сіздің тіркелгеніңізді растайтын құжаттарды – Мекенжай анықтамасын немесе Азаматтарды тіркеу кітабын (үй кітабын) көрсетсеңіз, комиссия сіздің деректеріңізді сайлаушылар тізіміне енгізетін болады. Сайлаушылар тізімдерінің растығы негізінен әрбір сайлаушыға байланысты.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.



Мәңгілік ел мұраты – бірлік пен бейбітшілік

13 сәуір күні аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен «Мәңгілік ел мұраты – бірлік пен бейбітшілік» атты дөңгелек үстел өтті.



Ж и ы н ғ а
а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т т ы ң
х а т ш ы с ы, «Нұр отан»
п а р т и я с ы а у д а н д ы қ
ф и л и а л ы н ы ң
т ө р а ғ а с ы, а у д а н д ы қ
ш т а б т ы ң ж е т е к ш і с і
Т. Б е р д і б е к о в,
қ а л а л ы қ
қ о ғ а м д а с т ы қ
т ө р а ғ а с ы Қ.Інайтұлы,
ш т а б м ү ш е л е р і

Ү.Құралбаев пен И.Әділхан, аудандық тілдерді оқыту және дамыту орталығының директоры Ә.Бердиярова, аудандық орталық кітапхана директоры Ф.Төребаева, аудандық тарихи-өлкетану мұражайының директоры Н.Смайловтар қатысты.

Басқосуды қоғамдық штабтың жетекшісі Т.Бердібеков ашып, маңызы зор шараның мақсатын кеңінен түсіндірді.

Өз кезегінде сөз алған Б.Сейітбекова Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауын негізге ала отырып, тақырып аясында шолу жасады.

Басқосуға жиналған қонақтар өздеріне берілген сұрақтар төңірегінде өз ойларын ортаға салып, кең ауқымда пікірталас тудырды.

Жиын соңын қорытындылаған аудандық штабтың жетекшісі Т.Бердібеков 26 сәуірде өтетін Президент сайлауында бірауыздан Н.Назарбаевқа дауыс беруге шақырды.

К.САҒЫНДЫҚҚЫЗЫ.

Жемқорлық – індет...

Көп болып күрессек жеңеміз

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Халық арасында жұлынқұрт – індет аталып кеткен осы дертті жою толықтай жүзеге аспағанымен, оны ауыздықтаудың, тежеудің сәті кейде түсіп, кейде шарасыздықтың белең алатыны да рас.

Елбасы алға тартқан міндет – жергілікті құзырлы органдар мен қоғамдық ұйымдар жұмысының темірқазығына айналып отыр. Елімізде жемқорлықпен және ұйымдасқан қылмыспен күресті күшейту шараларына орай «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» арнайы заңдар қабылданды. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда.

«Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз», – деп еді Елбасымыз. Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып күресейік дегім келеді.

Б.АЛДАМҰРАТОВА,
аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы.

Жең ұшынан жалғасу жарға жығады

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптері – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, барлық адамдардың заң мен сот алдындағы теңдігі. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық субъектілеріне мемлекеттік міндеттер атқаруға уәкілетті адамдар мен оларға теңестірілген адамдар жауапты болады. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе өзге де түрде жәрдемдесетін адам мемлекеттің қорғауында болады.

Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Оның тамырына түбегейлі балта шаппайынша, мемлекетте тұрақты өсу-өркендеу болмайды.

Сондықтан кез келген азамат жең ұшынан жалғасу сияқты жағымсыз әрекетке бармаса екен дейміз.

О.ӘБДІКӘРІМОВА,
Ақшеңгелді ауылы әкімінің кеңесшісі.



Суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайы

Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің «Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» республикалық мемлекеттік мекемесі (ОҚ ГГМЭ РММ) №224 республикалық бюджеттік бағдарлама бойынша суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын бағалау және мониторинг жүргізу жұмыстарын орындайды. Осы жұмыстар арқылы анықталған, Шардара ауданының суармалы жерлерінің 2014 жылғы және 2015 жыл басындағы мелиоративтік жағдайы туралы мәліметтер беріп отырымыз.

I. 2014 жылғы суару кезеңі алдындағы (I тоқсандағы) жағдай. Шардара су қоймасындағы су мөлшерін қажет деңгейде ұстап тұру үшін ақпанаурыз айларында Қызылқұм каналына 150 м3/сек дейін еріксіз су жіберіліп тұрды. Осы кезеңде босатылған 144,79 млн.м3 судың арқасында Сүткент ауылына дейінгі (I кезең) суармалы жерлердің жартысында сор шаю және егіс алдындағы суару жұмыстары орындалды.

Көп мөлшерде ерте су беру наурыз айында жерасты су деңгейінің жоғары жатқан жер көлемінің ұлғаюына әкелді. Осы кезеңде жерасты суы 2 метрге дейінгі деңгейдегі жердің көлемі 16950 га болды, ол аудандағы суармалы жер қорының 24,9 пайызы. 2013 жылғы осы айда бұл көрсеткіштер тиісінше 10008 га және 14,7 % болған еді. Су деңгейінің көтерілуі еріксіз су жіберілген I кезең ауылдарында болды. Көктемдегі қолайлы ауа райы ауылшаруашылық жұмыстарының қарқынды жүргізілуіне мүмкіндік берді. Бақылау ұңғымаларынан алынған су сынамаларының зертханалық талдауларына сәйкес, осы кезеңде жерасты суының минералдылығы 1-3 г/л аралығында болды. Ол өсімдіктер үшін қауіпті емес. II. 2014 жылғы вегетациялық суару кезеңіндегі жағдай. Су қоры егін суаруға жеткілікті болды. Сырдария өзенінде су деңгейі төмен болғандықтан, қашыртқылар арқылы алқаптан су шығаруда кедергі болған жоқ. Егін суаратын судың минералдануы 1,09 г/л болды, ол сапалы су деп есептеледі.

Ауданның суармалы жер қорының 33,6 пайызында, яғни 22841 га жерде жерасты су 2 метрге дейінгі деңгейде болды. 2013 жылы осы кезеңде мұндай жерлердің көлемі 25089 га болған еді. Жерасты суларының шекті деңгейден жоғары жатқан жерлер күріштікке арналған I кезең ауылдарында көп.

Жерасты суының минералдануында өзгеріс жоққа жақын, ол бұрынғысынша 1-3 г/л аралығында. Тұздар 5 г/л-ден асса, ол дақылдар үшін қауіпті болды.

III. 2014 жылғы суару кезеңінен кейінгі жағдай және жыл қорытындысы.

Күзде ерте суық шалуынан (19.09) пісіп жетілмеген мақта салмағын жоғалтты. Қазандағы жиі жаңбырлар жиын-терім жұмыстарына кедергі келтірді.

Суару кезеңінен кейінгі өлшеулер

көрсеткендей, жерасты суының 2 метрге дейін, яғни шекті деңгейден жоғарыда жатқан жер көлемі 2013 жылмен салыстырғанда 7,9 пайызға көбейіп, 14658 гектарға жетті. Бұл көбею күріш егіс көлемі ұлғайған I кезең шаруашылықтары есебінен болды.

Суармалы жер қорының 96,6 пайызында, яғни 65664 га жерде жерасты суының тұздануы 0-3 г/л, яғни қауіпсіз деңгейде болды.

2014 жылдың қорытындылары бойынша ауданның суармалы жерлерінің мелиоративтік жағдайы және оны жақсарту шаралары төмендегідей.

1. Топырақтың 1 метр қабатындағы тұздардың жинақты қоры аудан бойынша орташа 79,71 тн/га – бұл орта тұзданған деп бағаланады. Жер қорының 9 пайызында (5540 га) топырақ қабаты күшті, ал 11 пайызында (7100 га) өте күшті тұзданған. Бұл жерлерде қазан, қараша айларында көп мөлшердегі (8-12 мың м3/га) сумен сор шаю қажет.

2. Жыл басында еріксіз артық су алудың салдарынан жерасты суының деңгейі көтерілген. Гидрологиялық өлшемдер бойынша, вегетация кезінде қашыртқылар арқылы көп мөлшерде – 430,68 млн.м3 су алқаптан шығарылған. Ағын суды тиімді пайдалану және қашыртқы-дренаж жүйелерін жөндеу арқылы жағдайды дұрыстауға болады. Бұл шараның жерасты суының минералдануын төмендетуде де маңызы зор.

3. Әртүрлі себептермен барлық ауылдарда игерілмей қалып жүрген жерлер көптеп кездеседі. Негізгі себеп – су жүйелерінің жарамсыздығы. Түрлі қаражат көздерін пайдаланып, жөндеу жұмыстарын үнемі жүргізіп отыру керек.

4. Күрделі және ағымдағы тегістеу, ауыспалы егістік тәртібін сақтау жұмыстары көңіл бөлуді талап етеді. Агротехника әдіс-шараларын талапқа сай орындау қажет.

Бағалау талаптары тұрғысынан, Шардара ауданы суармалы жерлерінің категориясы қанағаттанарлық деп есептеледі.

IV. 2015 жылғы суару кезеңі алдындағы (I тоқсандағы) жағдай. Сырдария өзеніндегі және Шардара су қоймасындағы су мөлшері қалыпты болып, төтенше жағдай орын алған жоқ. Наурыз айының III онкүндігіне дейін Қызылқұм каналына су босатылған жоқ. Осыған байланысты, наурыздың аяғында жерасты суының деңгейі елеулі төмендеді.

Нақтылап айтқанда, аудандық суармалы жер қорының 98 пайызында жерасты суы 2-5 м тереңдік аралығында болды. Жерасты суының минералдануы бұрынғыдай қауіпсіз, яғни 3 г/л-ден төмен деңгейде.

Ауыл округтері бойынша нақты мәліметтер аудандық ауыл шаруашылық және жер қатынастары бөліміне берілген. Сондай-ақ, бұл мәліметтер аудандық «Өскен өңір» газетінде жарияланып отырды.

«ОҚ ГГМЭ» республикалық мемлекеттік мекемесі.

(Мақала аудандық ауылшаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің ұсынысы бойынша жарияланды)

Малды бірдейлендіру – маңызды шара

Аудан аумағында ауылшаруашылығы малдарын сырғалау, таңбалау жұмыстары жүргізілуде. Бірдейлендіру жұмыстары ҚР «Ветеринария туралы» Заңына сәйкес сырғаланып, таңбаланып, құжаттандырылып, әрбір қала, ауыл округтерінде дерекқор базасы жасақталып келеді.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруге барлық ауылшаруашылық малдары жатады. Ірі қара және ұсақ малдардың төлдері, сондай-ақ, боталар туғаннан кейін 7 күн өткен соң, құлындар 4 айлығында, торайлар 1 айға толғанда бірдейлендіріледі. Ірі мүйізді қара, қой, ешкі, түйе малдарын бірдейлендіру құлақтарына жапсырмаларды бекіту жолымен жүзеге асырылса, жылқы малын таңбалау тәсілімен жүргізіледі.

Сырғалау – малдың құлағына сырға бекіту түрімен жүзеге асырылады. Құлақтың ішкі жағынан ортасына қарай, мүмкіндігінше оның түбіне жақын орналасады. Сырға бүкіл тіршілік ету бойында шешілмейді.

Таңбалау – ыстық немесе суық тәсілмен жүзеге асырылады. Таңба дененің сол жағына – республиканың, облыстың және мал түрінің литтерлік кодтары жауырына, жеке нөмір жамбасқа қойылады.

Малдың иесі малдарды бірдейлендіруді жүргізу кезінде жануарға арналған ветеринариялық паспорттың, жануарды бірдейлендіру үшін тиісті соманы ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті

бюджет кірісіне аудару арқылы қамтамасыз етеді.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің ветеринариялық бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері малға жеке нөмір берген сәттен бастап, 3 жұмыс күнінің ішінде оның иесіне ветеринариялық паспорт береді. Ұсақ малға (қойлар, ешкілер), шошқаларға ветеринариялық паспорт әр жануардың жеке нөмірі көрсетіле отырып тобына (отарына), ал малдың басқа түріне (ірі мүйізді қара, жылқы, түйе) жеке беріледі. Ірі малдар қатардан шыққан кезде ветеринариялық паспорттыңдағы тиісті белгісі малдың иесіне беріледі.

Ұсақ малдар тобының бір бөлігі қатардан шыққан кезде жаңа иесіне ветеринариялық паспорттан үзінді көшірме беріледі, кейін ветеринариялық паспорт рәсімделеді.

Жоғалған, бүлінген ветеринариялық паспорттың мал иелері әкімшілік - аумақтық бірліктің ветеринариялық бөлімшесінің ветеринариялық дәрігеріне жазбаша өтініш береді.

Ветеринариялық дәрігер өтініш берген күннен бастап, 10 жұмыс күні ішінде ветеринариялық паспорттың түпнұсқасын береді.

Ауылшаруашылығы малдарын бірдейлендіру мемлекеттік маңызы бар шара. Малдарды бірдейлендіру арқылы олардың нақты есебін алу, дер кезінде малдәрігерлік көмек көрсету және жұқпалы ауруларға қарсы егу, диагностикалық шаралар қолдану дер кезінде жүргізіледі. Сондықтан малдарды бірдейлендіруге түсіністікпен қарап, жауапты шараға бір кісідей ат салысайық.

А.ЖҰМАДІЛЛАЕВ,
аудандық ветеринария бөлімінің бас маманы.



Таныс болыңыздар

Тағайындаулар

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің төтенше жағдайлар комитеті ОҚО төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, өрте қарсы қызмет полковнигі А.Путейконың 1 сәуірдегі бұйрығымен Райханов Дархан Көбейұлы Шардара ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалды.



Жас та болса өз ісінің білгір маманы деп танылған Д.Райханов 2005 жылдан бері №15 өрт сөндіру бөлімінде түрлі қызметтер атқарып, бөлім бастығы лауазымына дейін көтерілген.

Жерлесіміздің жаңа қызметіне толайым табыстар тілейміз. ***



ОҚО мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Н.Шарафиевтің бұйрығымен 8 сәуірден бастап, Нұржанов Қайрат Исатайұлы Шардара аудандық мұрағаты мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне тағайындалды. Қ.Нұржанов бұған дейін осы мекемеде мұрағатшы болып қызмет атқарған.

Қ.Нұржановтың жаңа қызметінде жемісті еңбек етуіне тілектестік білдіреміз.

«Өскен өңір» – ақпарат.

Жалпысенбілік

Туған қаламызға қамқорлықпен қарайық

Сәуір айының 10-11 жұлдызында қаламызда жалпысенбілік ұйымдастырылды. Бұл күндері қаламыздағы барша мекеме қызметкерлері жұмыла жұмыс жасап, ұйымшылдықтарын көрсете білді. Жалпы қала бойынша 350 адам сенбілік жұмыстарына шығып, қала аумағы біршама тазаланып, көгалданып қалды.



Көктемгі жұмыстардың атқарылу нәтижесінде 60 тонна күл-қоқыс арнайы орындарға тасымалданып, 550 түп әр түрлі ағаш көшеттері кешікпей бойларына отырғызылды. Сондай-ақ, С.Әшіров, Қазыбек би,

Әйтеке би, Әл-Фараби көшелерінің жиектастары тазаланып, қажетті бояулармен сырланды.

Сенбілік жұмыстарына қала мектептерінен Шардара, М.Горький, №1 М.Әуезов жалпы орта мектептері мен аудандық емхана, ветеринария бөлімдері өте белсене қатысқандарын мамандар баяндады.

Биылғы көктемде қала бойынша бес мың түп көшет егіліпті. Аталмыш шараның жақсы өтуін қадағалаған қала әкімі Н.Сапаров шараның ойдағыдай өткенін айтты.

Өз тілшімізден.

Көгалдандыру жұмыстары көңілдегідей

Облыс әкімінің 2012 жылғы 21 ақпандағы «Оңтүстік Қазақстан облысының аумақтарын көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалау жөніндегі іс-шараларды өткізу туралы» №53 қаулысын жүзеге асыру мақсатында Қызылқұм ауылдық мәдениет үйінде апта сайын іс-шаралар өтуде. Әр аптаның жұма күндерінде тазалық, тал егу жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп жатыр.



Бүгінгі күнге дейін мәдениет үйінде 36 түп шие, 6 түп сары өрік, 12 түп қарақат ағашы, 15 түп гүл отырғызылды. «Жасыл аймаққа» бөлінген жерге 180 түп декоративті ағаштар егіліп, 0,20 сотық жері қоршалды. Осынау жұмыстарды атқару барысында белсенділік танытқан Омарбек Әлімханов, Фани Аманов, Жеңіскүл Айдарова, Рано Күленбаеваларға алғыс айтқымыз келеді.

Келешекте «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 1,74 га жерді көркейтіп, көгалдандырамыз деген ойдамыз.

Марат БЕГАЛИЕВ,
мәдениет үйінің меңгерушісі.



Шардара шежіресі

Бақ қонып, құт дарыған Қызылқұм

“Орман шаруашылығы” мекемесі

Р.Сайфутдинов, Ә.Әшімбаев, Сәрсен Қошалиев, Б.Адеханов сияқты өндіріс озаттары белсенді қызмет атқарды.

Қызылқұм өңірі мен Сыр бойындағы өсімдіктер әлемін, әсіресе, ондағы табиғи тоғайларды қорғап, сақтау мәселесімен мемлекеттік деңгейде шұғылданатын арнайы мекеме тарихы кешегі Совет Үкіметі құрылған алғашқы жылдардан басталады. Бірақ аудандық мұрағатта тиісті құжаттар 1963 жылдан бері сақталғандықтан, салаға қатысты шежірені сол кезеңнен бастауға тура келеді.

«Шардара» орман шаруашылығы мекемесі Облыстық орман шаруашылығы және табиғатты қорғау басқармасының №87 бұйрығымен 1963 жылы 17 қазанда құрылып, директорлығына Б.Садықов бекітілген. 1964 жылы ақпанда бұл қызметке С.Мерзадинов келіп, 1966 жылға дейін басшылық жасайды. 1966-69 жылдары директорлықты Б.Садықов қайта атқарады.

Бас орманшы болып И.Емельянов істейді. Мекеме ол жылдары үш бөлімге Сырдария, Бимырза, Жібекші орманшылықтарына бөлінген. Оларда қызметтік міндеттерін үлгілі атқарып, жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін бірнеше рет мақтау қағаздарымен марапатталып, ақшалай сыйлықтарға ие болған Я.Ибрагимов, А.Бибеков (Бимырза), Т.Мамырайымов, Әлиев (Жібекші), М.Малыбаев, М.Оспанов, Т.Каттабеков, А.Шойғараев (Сырдария) сияқты орманшылар істеген.

Аудан құрылған 1969 жылдан бері мекемені Н.Жорабаев (1969 ж.), Б.А.Момбеков (1969-1973 ж.ж.), Ж.Мақсұтов (1973-1979 ж.ж.), Қ.Н. Ерғабылов (1979-1981 ж.ж.), Т.Алданазаров (1981-1984 ж.ж.), Ә.Қадыров (1984-1990 ж.ж.), М.М.Мейірқұлов (1990-1997 ж.ж.) Б.М.Қалмырзаев (1997-2005 ж.ж.), Б.М.Мошқалов (2005-2008 ж.ж.), А.Б.Мұстафаев (2008-2009 ж.ж.), К.Р.Дербісбеков (2009-2010 ж.ж.), Б.М.Мошқалов (2010-2013 ж.ж.) басқарды. 2013 жылдан бері Е.Н.Төреханов директордың орынбасарлығын мыналар атқарды: Р.Қаленов, Н.Ерғабылов, Ж.Сартбаев, М.М.Мейірқұлов,

Б.Н.Тілеумбетов, С.Матбеков, Е.Н.Төреханов, С.Жамбаев.

Орман шаруашылығын қорғап, сақтау жөніндегі инженер болып Н.Рүстемов, Р.В.Долгов, Н.Подгорная, А.Қадыров, Ж.Сартбаев, С.Қалмаханов, С.Досқараев, Б.Тілеумбетов, Қ.Жорабаев, Б.Баймұратов, Б.Мошқалов қызмет істеді.

Кәсіпорынның техника саласына инженер-механиктер Б.Кольбах, Ж.Мүсіров, Ж.Шайманов, Ж.Аймұратов жетекшілік жасады. Өрт сөндіру стансасы бастығы Б.Адамбаев, орман инженерлері Ж.Шайман, Қ.Жолтаев, Б.Сапаров, С.Мамасерипов, С.Матбековтер қызмет етті.

Мекеме құрамындағы үш орманшылық 1969 жылдан кейін де сақталды.

Жібекші орманшылығы:
1969-1992 жылдар аралығында жер көлемі 298.210 гектарды қамтыды. Онда жұмыс істеген орманшылар – М.Маймақов, Е.Әлібеков, Ш.Халықов.

«Бимырза» орманшылығы:
1969-1992 жылдардағы жер көлемі 360279 гектар. Онда Т.Мамырайымов, К.Ерғабылов, Е.Масяев, Н.Құдайбергенов, Б.Тілеумбетов, А.Шойғараев қызмет етті.

«Сырдария» орманшылығы:
1969-1992 жылдары жер көлемі 11.610 гектар болды. Онда К.Ерғабылов, С.Тоқтыбаев, А.Аманов, А.Әбішев, Б.Садыбеков, Л.Сәдуов істеді.

1989 жылы қаңтар айынан бастап, мекеме Шардара орман шаруашылығы өндірістік кәсіпорны болып аталды. 1992 жылы онда құрылымдық өзгеріс жасалып, қорғалуы тиіс барлық алқап екі бөлімге бөлінді.

394284 гектарға қарайтын «Шардара» орманшылығында аға орманшы С.Матбеков, қатардағы орманшылар О.Сәдібеков, Т.Сапарбаев, О.Тұранов, Т.Сүлеевтер қызмет атқарса, 530849 гектар бекітілген «Сүткент» орманшылығында Б.Сарыбаев аға орманшы, Ж.Санаев, Т.Жұманов, Ә.Исмайылов, А.Сапаров т.б. орманшы болып істеді.

2014 жылдың 1 қаңтарында кезеңіне, мекемеге 50 жыл толу қарсаңында мекеме



«Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау» жөніндегі мемлекеттік мекемесі болып өзгерді. Ол «Шардара» (жер көлемі 317.304 га аға орманшы Д.Сартбаев, орманшылар Б.Сарбасов, Қ.Пірманов, А.Сапаров, Н.Ералиев, Қ.Матбеков), «Сүткент» (жер көлемі 277.964 га) аға орманшы Қ.Сарбасов, орманшылар Б.Оспанов, Ж.Орымбаев), «Арнасай» (жер көлемі 329.463 га. Аға орманшы Ж.Мұратов, орманшылар А.Абилдаев, Б.Жолтаев) т.б. орманшылықтарын біріктіреді. Барлығы 924.731 га орман қоры жері бекітілген.

Мекемеде 1997 жылға дейін халық тұтынатын тауарлар (Цех ширпотреб) дайындал, көкөніс, бақша өнімдерін өндіретін және оларды ауданнан тыс жерлерге де, атап айтқанда Шымкент, Алматы, Целиноград, Көкшетау өңірлеріне жөнелтіп отыратын бөлім болды. Оларды И.Шойбеков, С.Сұлтанбеков, Е.Әлібеков, Сейдахмет Қошалиев деген іскер, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары мамандар басқарса, байырғы орманшылар Б.Қошуақов, Т.Атышаев, Н.Құдайбергенов, С.Тоқтыбаев, А.Байғалиев, Ж.Әріпбаев, Б.Әліқұлов, С.Мырзабаев, М.Маймақов, А.Аманов, А.Анафияев, П.Құдайбергенов,

Қосалқы шаруашылық бригадирлері К.Сейдәзімов, Б.Жұмахов, Ж.Бижігітов, Т.Ереханов, Н.Ажиғабылов, Ш. Гулямов қызмет жасады.

Мекемеде, сондай-ақ қатардағы механизаторлар П.Қансейітов, Қ.Белқожаев, Е.Қожагелдиев, Т.Сүлеев, Б.Мыңжасаров, Р.Суликов, Б.Белқожаев, жүргізушілерден Қ.Атышаев, К.Досмырзаев, С.Балғабеков, Ә.Шойбековтердің есімдері құрметпен аталады.

Орман шаруашылығы кәсіпорының есеп қызметін А.И.Иванова, М.Юнусов, С.Төрехұлов, Б.Мырзаев, О.Нұрбетов, З.Алпысова т.б. жүргізді.

Кадр бөлімін Д.Коржумбаева, Ж.Алиева басқарса, кәсіподақ ұйымына қоғамдық негізде Ж.Шайман, С.Мамасерипов төрағалық етті.

М.Аңламасов.
Редакциядан: Автор шежірені дайындауда көрсеткен белсенді көмегі үшін мекеменің ардагер қызметкері, «Мінсіз қызметі үшін», «Еңбек даңқы» төс белгілерінің иегері Жарқынбек Шайманұлына алғыс білдіреді.

Ұлы Жеңіске – 70 жыл!



Туған жерге туын тіккен бір тұлға

Ой-өрісі жұрт қатарлы күн кешумен шектелетін пенделік пиғылдан ада, өскен өңірі мен ауыл-аймағына еңбегім сіңіп, ізім қалса екен дейтін азаматтар болады. Туған жерге туымды тіксем екен деп, елді көркітетін солар.

Бүгін біз сөз еткелі отырған Яхия Мырзабаев міне, нақ сондай азаматтың бірі болғаны анық. Оны Қызылқұмның бір қыраны десең де жарасады. Өсер ұрпаққа өнеге боларлық өмірбаяны осыны айтады. Яхия 1924 жылы бұрынғы Қызылқұм ауданы (орталығы қазіргі Шардара ауылы) №15 ауылда кедей шаруа жанұясында дүниеге келген. 1934 - 42 жылдары Ленин атындағы мектепте оқып, орталау білім алған. Отбасылық мұрағатта сақталған 9-сыныпты бітіргендігі туралы куәлікке қарасаңыз, оның барлық пәннен үздік оқығанын көресіз.

1942 жылы әскер қатарына шақырылып, соғысқа аттаныпты. Он сегіз жасында отан үшін отқа түскен Қызылқұмның бір қыраны Сталинград, Орёл майдандарында соғысыпты. Ерлігі үшін бірнеше медальдармен марапатталған, екі рет жараланған жауынгер 1944 жылы екінші топтағы мүгедек ретінде әскерден босатылып, елге оралған.

Келісімен халық депутаттары Қызылқұм аудандық Кеңесіне кадр жөніндегі сектор меңгерушісі болып жұмысқа кіріседі. Мамандықсыз, орталау білім қабілет-қарымын қанатсыз қалдыратынын қапысыз түсінген ол 1945-1948 жылдары



Яхия Мырзабаев ақсақалдың ұлдары: (солдан оңға қарай) Қасымхан, шөбересі Алмас және Есімхан. Соғыс ардагері Яхия Мырзабаевты «Таэквондо»-дан еске алу турнирінде.

Қаптанбектегі зооветеринарлық техникумда оқыды. Оны бітірген соң бір жыл Шымқорған совхозында мамандығы бойынша жұмыс істеді. Тапсырылған істі орындауда тиянақтылығымен танылып үлгерген жас маман аудан басшылығының назарынан тыс қалған жоқ. Кешегі майдангердің қысқа мерзімде аудандық партия комитетіне қызметке шақырылып, 1949-1954 жылдары алдымен ұсқаушы, ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, 1954-1955 жылдары өңіраралық машина-трактор стансасында партком, одан кейін аудандық партия комитетінің хатшысы сияқты үлкен лауазымды қызметтер атқаруы ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, жауапкершілігі мол білікті кадрдың қалыптасқанын көрсетеді.

1956 жылы Киров, Қызылқұм аудандары біріктіріліп, ірілендірілгені белгілі. Соған орай аудан орталығы Бағара өңіріне көшіріледі. Бұрынғы Қызылқұм ауданының орталығында «Шардара» қаракөл қой совхозы шаңырақ көтерді.

Яхия тікелей өндірісте еңбек етуді ұйғарып, өзінің туып-өскен өңірінде қалады. Сол жылдардағы совхоз директоры Ә.Нұрымов, партия ұйымының хатшысы К.Әсілов, бас зоотехник С.Тұрлыбеков, құрылыс маманы Ә.Әбішев, ауылдық кеңес төрағасы Қ.Төленбаев сияқты азаматтармен бірге жаңа шаруашылықты ұйымдастыруға белсене араласты.

Қазіргі «Қоссейіт» ауылдық округінің орнында алғашқы №1 ферма

құрылып, оның меңгерушілігіне Яхия Мырзабаев бекітіледі. Осы ферма алғашқы екі жылдың өзінде өндірістік көрсеткіштерімен Бүкілодақтық социалистік жарыстың қорытындысында жүлделі орынға ие болып, Республика ауыл шаруашылығы министрлігінің ақшалай сыйлығымен марапатталған, кейінгі жылдарда да осындай абырой биігінен көрініп отырған тұтас кеңшардың көшбасшысы болғаны анық.

1957 жылдан бастап, жедел ұйымдастырылған №2,3,4 фермалардың осы жұмының өнегесімен өркендегені талас тудырмайды. Ферма басқарушысы Яхия Мырзабаевтың Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысып, күміс медальмен марапатталуы оның енді бейбіт өмірдегі ерен еңбегінің алғашқы лайықты бағасы болатын.

Жалындаған жастық шағын соғыс өртіне шалдырып, Отан үшін от кешкен, одан кейін екінші топтағы мүгедектігіне қарамастан, бейбіт өмірде мал шаруашылығын, оның ішінде асыл тұқымды қаракөл қой шаруашылығын дамытуға бар күш-жігерін жұмсаған, зейнеткерлікке шығар қарсаңында бірнеше жыл шаруашылықтың кадрлық қызметіне жетекшілік еткен Я.Мырзабаев соңында ең басты байлығы – өнегелі өмірін лайықты жалғастыра білген ұрпақ та қалдырды. Жары Салтанат екеуі екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Үлкендері құрылыс маманы Есімхан (марқұм) мехколлоннаға басшылық жасап, ауданның құрылыс саласына елеулі еңбек сіңірді. Кезінде аудандық партия комитетінде жұмыс істеген Қасымханы бұл күнде қала әкімдігінде қызмет етеді. Сыйлы азамат.

Яхия әулетінде ұл-қыздан 8 немере, 8 шөбере өсіп келеді.

Лайықты еңбегі бар азаматын елі қашанда құрмет тұтады. Ұмытпайды. Шардара ауылында бір кеше 1995 жылдан бері Яхия Мырзабаевтың есімімен аталады.



Яхия жары Салтанатпен

М.Аңламасов.



Ер есімі ел есінде

Қиындықтан қыңбастан "тіл" әкелген

Әбдікерім атаның ерлігі қандай мақтауға да лайық



Бір күні мені газетіміздің баспасөз хатшысы М.Аңламасов аға өз кабинетіне шақыртты. Барсам, алдында ұзын бойлы, кең иықты бір кісі кеңінен көсіліп отыр екен. Құдды бір ауданда басшылық қызметтерде жұмыс атқаратын кісідей көрінді маған. Бірақ жүзі таныс. Дегенмен, тани қоймадым. Сөйтсем, біраз жыл бойы жол саласына басшылық жасап, қазіргі таңда "Оңтүстік жолдары" МКК-на қарасты аудандық бөлімшесінің басшысы Мұсахан Мархабаев ағамыз екен.

Қолына ұстаған бір бума қағазы әкесі, Ұлы Отан соғысының ардагері Әбдікерім Мархабаевтың ерлік істерін паш ететін құжаттар екен.

Оқырмандарға түсінікті болу үшін тарихты тым әріден бастайын.

1941 жылы фашистік Германия елімізге тұтқиылдан шабуыл жасады. Осы

Жаратқанның қолдауымен қанқұйлы соғыста аман қалады. "Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі" деген осы.

Бір жолы Белоруссия майданында болған үлкен шайқас алдында немістердің күшін, олардың ұрысқа дайындығын тексеру үшін "тіл" әкелу керек болып, оған екі жігіт Әбдікерім мен өзбек жігіті Исмайыл жіберіледі. Бұл туралы кезінде Әбдікерім ағамыз өз естелігінде балаларына былай деп айтқан екен:

– Түн қараңғылығын жамылып, ұрыс сызығынан аман-есен амалдап өттік. Аузымызда – тістеп алған қанжар, белде – граната, иықта – автомат. Үйді қорып жүрген күзетші неміс солдатты бізді байламады. Әлде жарықтан енді шығып, көзі қараңғыға үйренбегендіктен бе, алдымызға жақындағанда орынман атып тұрып, қимылдауға шамасын келтірмей, аузын басып, қанжарды жүрекке салдым. Оны өлтіріп, гранатаны қолға алып, Исмайылды есік алдына күзетке қалдырдым да, есікті бірден ашып, "хенде хох!" деп гранатаны лақтыруға дайындалдым. Іште жатқан екі немістің көздері шарасынан шығып,

анық байқады да, ракета атылып, ұрыс басталды. Біз де автоматымыздан оларға оқ жаудырдық. Жақын жерде орналасқан біздің полк жәрдемге келіп үлгерді. Қиян-кескі ұрыс басталды. Түн қараңғысында снарядтан ерсілі-қарсылы ұшып, жарылуда. Тұтқындарды жанымызға алып, снарядтан пайда болған шұңқырға түсіп, жасырынып жатырмыз. Бір мезгілде немістің алдыңғы шебі біздің әскерлердің шабуылына шыдамай, кейін шегінуге мәжбүр болды. "Е, Құдайлап" біз жатырмыз. Қараңғыда бір снаряд дәл жанымызға келіп жарылды. Снаряд жарықшағынан досымыз Исмайыл мен немістің бірі сол жерде жан тапсырды. Кейін білдік, өлген неміс – офицер, жанындағысы – көмекшісі екен. Командирімізге (фамилиясы Абрамов еді) әкелген "тілімізді" тапсырдым. Командирдің бұйрығымен мені "Қызыл Жұлдыз" орденіне ұсынды, бір күндік демалысқа шықтым. Немістер шепті тастап, кейін қашты. Өлген әскерлерімізді жинап, жерлеуге кірістік. Бізден шығын аз екен. Мен білген құранымды оқып, серігім Исмайылдың денесін өз қолыммен жерледім. Ол ашық-жарқын, жақсы жігіт еді. Туған жері Самарқанд облысы болатын. Марқұмның үйіне болған жағдайды баяндап, көңіл айту хатын жібердім.

1944 жылы наурыз айында Польша жерінде болған кезекті ұрыста немістердің күші басымырақ болып, біз уақытша шегіндік. Артымда екі неміс басқалардан озыңқырап келеді екен. Мен қайырыла беріп, біреуін жайраттым да, өзіміздің әскерлердің соңынан жүгіре жөнелгенімде, басыма тиген оқтан жер айналып, көзім қарауытып, құлап бара жаттым. Бірнеше күндер өтіп, көзімді ашсам, госпитальда жатыр екенмін. Оқ оң құлағымның артына тиіп, көзімді жанай өткен. Көзім аман. Сонымен госпитальда алты ай емделдім. Кейін білгенімде, маған оқ тиіп құлаған кезде, біздің әскерлер шеп түзеп, немістерді сол жерден кейін қайтарған екен. Егер жау өзіне жеткенде, өлтіріп кетуі анық екендігін айтып отыратын әкеміз, – деп баласы Мұсахан көзіне еріксіз жас алды.

Жеңісті Румынияда қарсы алған



Әбдікерім ата жұбайы
Ұлбосынмен бірге

Әбдікерім ақсақал сол жерден әскери аттарды айдап, елге қайтқан екен.

Соғыстан соң Әбдікерім ағамыз ауданымыздағы орман шаруашылығында бірнеше жыл орманшы болып еңбек етеді. Жұбайы Ұлбосын апа 10 құрсақ көтеріп, содан 5 бала өрбіген (үш бала, екі қыз). Әбдікерім ата ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, 1994 жылы 94 жасына қараған шағында дүниеден озады. Айта кету керек, осы жылдың Наурыз мерекесінде Әбдікерім ағамыз аудан халқына ауданның зиялы қариясы ретінде ақ батасын берген екен.

Бүгінгі таңда текті азаматтың ұлдары да ауданның абыройлы азаматтары. Үлкен ұлы Исахан 1967 жылы Ташкенттегі мемлекеттік университетті бітіреді. Профессор ағамыз қазіргі таңда Шымкенттегі Аймақтық инновациялық университетінде қызмет етіп келеді. Үш ұл, бір қыз өсіріп, олардан 11 немере, 1 шөбере көріп отырған бақытты отбасы.

Ортаншы ұлы Мұсахан да жоғары білімді. Қазір "Оңтүстік жолдары" МКК аудандық бөлімшесін басқарып келеді. 6 қыз, 2 ұл өсіріп, олардан 14 немере сүйіп отыр.

Кенже ұлы Әмірхан аудандық ішкі істер бөлімінде ұзақ жыл қызмет етіп, 2003 жылы зейнеткерлікке шықты.

Ерліктің ғұмыры өлшеусіз ұзақ. Ел ардақтаған ерлер есімі бізбен бірге. Олар отансүйгіштіктің, туған жерге, ата-анаға деген адалдықтың шамшырағы.

К.БӨРІБЕКОВА.



Ұлдары: (солдан оңға қарай)
Мұсахан, Исахан, Әмірхан

қанқұйлы соғысқа Марқабайдың екі бірдей ұлы Бүркіт пен Әбдікерім ұрыстың соңғы күніне дейін, яғни Жеңіс туы Рейхстагта желбірегенше, қатардағы жауынгер болып немістермен шайқасыпты. Жас жауынгер Ә.Мархабаев үш жылдың ішінде төрт рет жарақат алады. Төртіншісінде басына тиген оқтан ауыр жараланып, 6 ай госпитальда жатып емделген екен.

немісті алдымызға салып, өз жағмызға қарай жылдамдатып жүріп келеміз.

Бір кезде немістер бізді сөзіп қалып, аспанға ракета атты. Біз сета қалдық. Тұтқын немістер жатқысы келмеген сыңай танытып еді, оларды автомат құндағымен түйгіштеп алдық. Аздан соң тыныштық орнады, біз қайтадан алға қарай жылжыдық. Шептен өтерде немістер бізді

БІРГЕ ТӨТЕП БЕРДІК, БІРГЕ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІК, БІРГЕ ӨМІР СҮРЕМІЗ

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы құрметіне, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің ерлігіне, қаһармандығы мен қайсарлығына құрмет көрсету мақсатында біздің №16 колледжде түрлі іс-шаралар өткізілуде. Ондағы мақсат – Ұлы Отан соғысының тарихын тереңнен тани отырып, жастарға патриоттық тәрбие беру, отансүйгіштікке тәрбиелеу, аталар аманатын қастерлеуді үйрету.

Іс-шаралар барысында соғыстың сұрапыл күндерінен сыр шертетін кітап, сурет



көрмелері ұйымдастырылып, «Жауынгерлер және еңбек даңқы» бұрышы ашылды. Соғыстағы қазақстандықтардың ерлігі туралы фотоальбом жасалды. Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған үздік очерктер, әңгіме, естеліктер байқауы өткізіліп, жеңімпаздардың шығармасы БАҚ-та жарияланды. «Батырларды ардақтаймыз» айдарымен Б.Момышұлы, Т.Бигелдинов, Р.Қошқарбаев туралы деректі фильмдер көрсетіліп, осы тақырыпта ашық сабақ өткізілді. Игілікті істерімен елге танымал болып жүрген колледж ұжымы Ұлы Отан соғысында құрбан болған жауынгерлерге мәңгілік тағым жасау мақсатында колледж аумағында қызметкерлердің қаржыланды-

руымен «Жеңіс аллеясын» ұйымдастырды. Аллеяда ескерткіш тақта жарықтандырылып, айналасына мәңгілік жасыл желек, гүлдер егіліп, орындықтар қойылды. Колледж студенттері «Жеңіс»



аллеясының алдында флэшмоб билеп, өлең оқып, әскери-саптық жүріс көрсетіп, ескерткіш тақтаның салтанатты ашылуына арналған қойылымдар қойды. Ол жайлы аудандық басылымда мақалалар жарық көрді.

Ұлы Отан соғысының ардагерлерін қамқорлыққа алу, әлеуметтік қорғау, оларды ардақтап, құрметтеу мақсатында Шардара аудандық ардагерлер кеңесі мен №16 колледж арасында меморандум жасалды. Колледж өз тарапынан 3 соғыс ардагерін – Жұрынбай Айтөреев, Қажымұрат Сапарбаев, Жаппар Серікбаевтарды моральдық-психологиялық қамқорлыққа алды. «Ардагерлер – алтын тұғыр» айдары аясында «Ф-02» тобының студенттері Ж.Айтөреевтің үйінде болып, соғыс күндеріндегі ерлік істері, қарулас достары туралы әңгімелесіп, есік алдында көктемгі дала жұмыстарын істеп, аталарының ақ батасын алып қайтты.

І курста «Газбен дәнекерлеуші» мамандығы бойынша оқып жүрген студенттер Қоссейіт ауылында тұратын Қ.Сапарбаев пен Ж.Серікбаевтардың үйлеріне барып, есік алдындағы тазалау жұмыстарын жүргізіп, соғыстың сұрапыл күндерінен сыр шерткен қарт жауынгерлердің әңгімесін тыңдап, ерекше әсермен қайтты.

Жеңіске жету жолында қазақстандықтардың асқан ерлігі мен әскери жанқиярлығы Отан соғысы тарихындағы жарқын беттерге айналды. Осы тарихымызды құрметтеуді колледждің әрбір студенті өзінің парызы деп біледі.

Гүлжанат ШЕРТАЕВА,
№16 колледж директорының оқу-тәрбие
жұмыстары жөніндегі орынбасары.



Мектеп бітірушілер назарына!

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУДІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ

Ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) қатысуға өтінішті мектеп бітіруші 10 наурыздан 25 сәуірге дейін береді. Өтінішті өзі білім алып жатқан білім беру мекемесінде толтырады. Өтініш беру үшін жеке куәлігі мен 3x4 өлшемді 2 дана фотосуреті болуы қажет. Өтініш деректер базасына енгізілгеннен кейін мектеп бітірушіге тіркелгендігі жөнінде анықтама мен тестілеуге кіруге рұқсатнама беріледі.

ҰБТ бес пән бойынша: қазақ немесе орыс тілі (оқыту тілі), математика, Қазақстан тарихы, орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілі және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілі, таңдаған мамандыққа байланысты бекітілген мамандықтар тізбесіне сәйкес таңдау пәні бойынша пәндердің біреуіне сәйкес өткізіледі.

ҰБТ нысанында тапсырылатын мектеп бітірушінің таңдау пәндері: география, физика, биология, химия, дүние жүзі тарихы, қазақ әдебиеті (орыс әдебиеті), шет тілі. Шығармашылық немесе арнайы дайындықты қажет ететін мамандықтарды таңдаған бітірушілер үшін төртінші пәнді таңдау ерікті, олар одан кейін қосымша шығармашылық емтихан тапсырады. ҰБТ жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде әзірленген тест тапсырмаларының көмегімен өткізіледі, олардың мазмұны көрсетілген бағдарламаның шеңберінен шығуы мүмкін емес.

Әрбір пән бойынша 25 сұрақтан келеді. ҰБТ-ның нәтижелері 125 балдық жүйе бойынша бағаланады және жалпы орта білім туралы аттестат алу үшін бес балдық жүйе бойынша бағаға ауыстырылады.

Тестілеу ҰБТӨП-те 1 маусымнан 15 маусымға дейін жүргізіледі. Таңертеңгі сағат 09:00-де басталатын ҰБТ-ға 3,5

Енді аз ғана уақыттан соң 11-сынып оқушылары мектеп бітіріп, өздері қалаған мамандықтар бойынша жоғары, арнаулы орта оқу орындарына құжаттар тапсырады. Оған дейін ұлттық бірыңғай тест (ҰБТ) сынақтарын тапсыратыны белгілі. Біз осы орайда ҚР БҒМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК №97 филиал жетекшісі Әлайдар Әбдімомын Қалдарбекұлына жолығып, ҰБТ өткізудің жалпы ережелері мен қағида-тәртіп туралы әңгімелеп беруін өтініп едік.

сағат уақыт беріледі. Тестілеудің алғашқы және соңғы сағаттарында аудиториядан шығуға тыйым салынады. Қалған уақыттарда аудиториядан дәліз кезекшісімен бірге шығуға болады.

Тестілеу нәтижелері бойынша апелляцияға өтінішті бітіруші тестілеу нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күнгі сағат 14-ке дейін бере алады және апелляциялық комиссия өтінішті бір тәулік мерзімінде қарайды. Өтініш берушіде өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжат және ҰБТ-ға кіруге рұқсаттамасы болуы керек.

Апелляцияға өтініш беру барысында тестілеу нәтижесімен келіспеуінің дәлелін (себебін және негіздемесін) көрсетуі керек.

ҰБТ тапсырған бітірушілерге ҰБТ нәтижесі туралы сертификат, жалпы орта білім туралы аттестат беріледі. Сертификат ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды болып табылады.

Білім беру гранты иегерлерінің тізімі бұқаралық ақпарат құралдарында («Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда») жарияланады.

Мектеп бітіруші түлектер тестілеуден өту үшін ҰБТӨП-ке рұқсаттамада көрсетілген күні өзімен бірге ҰБТ-ға кіруге рұқсатнамасын, жеке куәлігін, қара сиялы қалам алып келуі тиіс. ҰБТ кезінде сөйлесуге, орнынан тұруға, орын ауыстыруға, кез келген материалдар және заттармен алмастыруды жүзеге асыруға, калькуляторларды, фотоаппараттарды, ұялы

байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, т.б.), ноутбуктар, плейерлер, шпаргалкалар және анықтамалық құжаттарды (Менделеев кестесі мен тұздардың ерігіштік кестесінен басқа) қолдануға және аудиторияға алып кіруге тыйым салынады.

Тестілеу кезінде тәртіп бұзушылықтардың алдын алу және тестіленушілерді қорғау мақсатында тестілеуге кіргізу барысында металіздегіштер, тестілеу кезінде ұялы байланыс желісін сөндіру құралдары мен бейнебақылау құрылғылары қолданылады.

Бітіруші аудиториядағы тәртіп сақтау ережесін бұзғаны және тыйым салынған заттарды қолданғаны үшін Министрлік өкілінің шешімімен қайта тапсыру құқығынсыз аудиториядан шығарылады, ал оның тест нәтижелері жойылады.

Тестілеуге берілген уақыт аяқталған кезде (3,5 сағат) бітіруші емтихан материалдарын тапсырудан бас тартқан жағдайда оның жұмысы өңделмейді.

ҰБТӨП ғимаратына кіргізу барысында бөтен тұлға ұсталған жағдайда, ұсталған тұлға да және орнына бөтен тұлғаны кіргізуге заңсыз әрекет жасаған түлек те тестілеуге жіберілмейді.

Сіздің Ұлттық бірыңғай тестілеуде өз біліміңізді дәлелдейтін нәтижелерге қол жеткізуіңізге тілектеспіз!

Ә.ӘЛАЙДАР,
«Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК №97 филиал жетекшісі.

Егеменді елдің тірегі – білімді ұрпақ

«Егеменді елдің тірегі – білімді ұрпақ», – деп Елбасы айтқандай, еліміздің болашағы жастардың қолында болғандықтан, келешектің негізін ұстайтын жас мамандар бәсекеге қабілетті, білімді де білікті болуы өте маңызды.

Мен өзім таңдаған жоғары оқу орнына түскенге дейін Алатау батыр ауылындағы (бұрынғы Қазақстан) С.Кәтәбеков атындағы мектепте білім нәрімен сусындадым. Алтын Ұрпақ мектебіндегі барша мұғалімдерге айтар алғысым шексіз. Біздің мектеп көлемінде ҰБТ-ға дайындыққа барынша жағдай жасалды. Барлық оқушыларға 5 пән бойынша тегін сабақтар жүргізілді. ҰБТ-ның нәтижесі бойынша аудан көлемінде 7 «Алтын белгі» иегері өз білімдерін дәлелдеп шықты. Барлық сынақтардан жақсы өтіп, мен де «Алтын белгіні» ақтап шықтым. Осындай жетістіктерге жеткеніме септігін тигізген барлық оқытушылар мен мектеп басшыларына алғысым шексіз!

Мектепті аяқтаған соң, өзімнің бала кезден бергі арманым – Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетіне құжаттарымды тапсырдым. Қазір өзім қалаған «Экономика және бизнес жоғары мектебі» факультетінің «экономика» мамандығының 1-курс студентімін. Бұл университетте оқытыныма өте ризамын және арманым жетуіме, қорықпай батыл қадам жасауыма арқау болған ата-анам өте үлкен алғыс білдіремін!

Бүгінгі күнде ҚазҰУ-дың жеткен жетістіктері өте көп. Оны, әрине, айтпай кетуге болмас. Университет 180 сала бойынша мамандар дайындайды. Әлемдегі үздік 390 университеттің қатарында. Сонымен қатар, 72 ірі компания жетекшілері мен кадр бөлімі мамандары арасында жүргізілген сауалнама негізінде жасалған «Рейтинг.kz» зерттеу орталығы жүргізген зерттеудің қорытындысы бойынша 5-орында тұр. Университет жеке пәндер бойынша әлемнің ең үздік 200-топ университетінің қатарына кірген. Университетте екі мыңнан астам жоғары білікті оқытушы жұмыс істейді, соның ішінде 1000-нан астам ғылым докторы мен кандидаты, 100 академик пен 50 философия докторы бар.

ҚазҰУ Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттері жоғары оқу орындарының ішінде бірінші болып Еуропалық білім кеңестігіне кірді. Университетте «бакалавр – магистр – PhD» түрінде үш сатылы мамандар дайындау қамтамасыз етілген. Университет Қазақстандағы аса ірі интернет желісіне қосылған, 3500 заманауи компьютерден тұратын



корпоративтік ақпараттық жүйе құрылған, сондай-ақ компьютер сыныптары мен интернет залдар жұмыс істейді.

Ә.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы – ҚазҰУ қалашығының інжу-маржаны. Мұнда Қазақ ұлттық аспаптар оркестрі, көркемөнер үйірмелері, «Біз» студенттер театры, КТК командасы жұмыс істейді. Спортпен айналысуға барлық жағдай жасалған (ҚазҰУ қалашығының спорт көшені, Студенттердің спорттық клубы, түрлі секциялар, денсаулық топтары). Қызметкерлер мен студенттердің спартакиадасы ұдайы өткізіліп, олардың қалалық жарыстарға қатынасуы қамтамасыз етіледі. Бұл университет – қазақтың бетке ұстар азаматтары мен азаматшалары білім алған қара шаңырағы. Атап айтатын болсақ, Зейнолла Қабдолов, Әбіш Кекілбаев, Қадыр Мырза Әлі, Тұхманбай Молдағалиев, Олжас Сүлейменов, Әзілхан Нұршайықовтар осы білім ордасында білім алған. Осындай қадірлі тұлғалардың отырған аудиторияларында отырып, оқыған кітаптарын ұстау мен үшін өте үлкен бақыт және мақтаныш.

Мектеп бітіргелі жатқан жастарға сәттілік тілей отырып, ҚазҰУ-ге түсуге шақырамын. Бұл университет сапалы білім беруімен ерекшеленеді. Елбасының жастарға арналған мына бір сөздері әр жас азаматтың санасында жаңғырып тұратыны анық: «...жастарға айтарым – сендер халықаралық кеңістіктегі бәсекелестік күрестен сырт қалмауға ұмтылыңдар. Ол үшін тиянақты білім керек. Сосын сол білімдеріңді өмірде жарата білуді, оны нақты пайдалана білуді үйреніңдер. Әсіресе, не істеу керектігін жете түсінудің қажет. Сонымен бірге, сендер қандай да бір өзгерістерге қашанда дайын тұруларың керек. Әйтпесе, ғаламдық деңгейдегі Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі әншейін бос сөз болып қалады».

Ұлттық университеттің жұлдызын бірге жағайық!

Перизат СЫРБЕК,
ҚазҰУ-дың 1-курс студенті.

Үздік математиктер марапатталды

«Жас ғалым – жастар орталығы» және «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы бірлесе отырып ұйымдастырған «Самұрық» математикалық зияткерлік сайысының облыстық кезеңінде жас математиктер елеулі жетістіктерге қол жеткізді.



Аталмыш сайысқа ауданымыздың 23 мектебінен 2-10-сынып оқушылары арасында 794 оқушы қатысты. Олардың арасынан 60 оқушы II, III орындарды иеленсе, 5 оқушы бірінші орын алды. Бірінші орын иеленген бес оқушы облыстан арнайы марапатталды. Осы үздік оқушылар мен олардың жетекшілерін 13 сәуір күні аудан әкімінің орынбасары Б.Әліпов қабылдап, жеңістерімен салтанатты түрде құттықтады.

– Бүгін біз жылдың үздіктерін толықтырып отырған жастарымызды көріп, қуанып отырмыз. Біз сіздерден үлкен үміт күтеміз. Өйткені, араларыңыздан келешек ғалым да, ұстаз да, спортшы да, тағы басқа түрлі сала мамандары өздеріңіз сияқты жастардан шығатынына сенімім мол. Ал бүгінгі жетістіктеріңіз, мерейімізді асырып тастады. Мұнан да жоғары жетістіктерден көрініп, ауданымыздың атын асқақтатып жүре беріңдер, – деді Б.Қиянбекұлы өзінің құттықтау сөзінде.

Марапатталғандар қатарында С.Кәтәбеков атындағы ЖОМ оқушылары Мұратбек Әлібек, Бектан Фариза, Жаушықұм мектеп-лицейінен Пердебай Сымбат, Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінен Тәңірберген Елнұр, №1 М.Әуезов атындағы ЖОМ-нан Рысбек Берекелер аудан әкімінің атынан құттықталды. Сондай-ақ қаңтар айында Алматы қаласында «Атадан мұра» атты шығармашылық байқаудан Сырдария ЖОМ-ның оқушысы Әсел Дүйсебек I орынды иеленіп, кубок және дипломмен марапатталған жеңімпазымыз да қабылдауда болды. Осындай білімді оқушыларды жетелеп, облыстық байқауға баптаған пән жетекшілері Б.Рахимова, М.Жұмамұратова, Т.Төрехұлова, А.Тұңғышбаева, Н.Құлшаевалардың да еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Шарада аудандық білім бөлімінің басшысы А.Бердалиева мен бөлімнің әдіскері Г.Мырзабековалар да жеңімпаздарды құттықтап, білім жолында сәттіліктер тіледі.

Ж.ЖАРЫЛҚАСЫН.

Шара шынайы шықты

«Балауса» балабақшасы ашылғанына көп уақыт бола қоймаса да, түрлі шаралар арқылы көп тірліктер тындырып жатқанын газет беттерінен оқып, байқап жатқан боларсыздар.

Жуырда «Балауса» балабақшасында өткен «Жаңғырып тұр дәстүріміз» атты іс-шара сөзіміздің айқын дәлелі десек, артық айтқандық емес.



Айтулы шараға ауданымыздың белді азаматтары, батагөй ақсақалдары, халық қалаулылары, жеке кәсіпкерлер мен мекеме, бөлім басшылары, ата-аналар қауымы шақырылған екен.

Алыстан менмұндалап тұрған бақшаның ауласы көздің жауын алардай әсем безендірілген. Тіпті, шара шын өмірде болып жатқандай әдемі

ұйымдастырылған екен. Ол үшін мекеменің ұйымдастырушылар алқасына, әсіресе, шараның әсерлі өтуі үшін жүгіріп жүрген Феруза Анашбекованың еңбегін ерекше айтып өтуге лайық секілді.

Ертеңгілік басталысымен, балдай тәтті балғындар «Отырардағы той» әнімен гүл шоқтарын алып шығып, қанаттарын кеңге жайып, мың бұрала билей жөнелді. Балабақша қызметкерлері қазақтың дәстүрін бейнелейтін сахналық қойылым қойды. Онда қыз ұзату, беташар, бесікке салу, тұсаукесер секілді ұлттық дәстүрлерін дәріптейтін сахналық көрініс әсерлі шықты.

Жиынға жиналған халықтың қарасы қалың. Барлығы өз ойларын білдіріп, қойылымның керемет әсер қалдырғанын тілге тиеп етіп жатты. Осы ретте батагөй ақсақал Ш.Бекшораев ұйымшыл ұжымнан ақ батасын аямады.

Шарада мерекелік нөмірлер де аз болған жоқ. Өнерлі балалардың бірі билесе, бірі әннен шашу шашты. Сондай-ақ, балғындар «Қыз қуу», «Арқан тартыс», «Қол күрес» сынды қазақтың ұлттық ойындарынан да кенде емес екендіктерін көрсетті.

Жиын соңында балабақша меңгерушісі Э.Қалмырза сөз алып, келген қонақтар мен іс-шараға белсене қатысқан ұжымға алғыс сезімін білдірді.

Клара БӨРІБЕКОВА.



Денсаулық – зор байлық



ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ

Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бастап, осы ұстанымды басшылыққа алып келеді.

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңыздылығын Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» бағдарламасында ерекше атап өткен еді. Елбасының Жолдауын

Қазақстан азаматтарының денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын ынталандыру – егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына салынған алтын сүрлеу десе болады. Халқымыздың «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қағидасын бала санасына енгізе алсақ, болашақта дені сау ұрпақ тәрбиеленіп шығамыз.

Дені сау ұрпақ, қоғамның қуаты демекші, қай халықтың болса да болашағы жастардың денсаулығына тікелей байланысты. Сондықтан дені сау, салауатты өмір салтын ұстанатын жас ұрпақ тәрбиелеу өз қолымызда.

Салауатты өмір салтымен өмір сүру үшін төмендегі талапты орындау керек. Адам денсаулығын сақтауда бұл факторлардың маңызы зор.Ең

алдымен, айқын жасалған күн тәртібінің болуы керек. Сонан соң дұрыс тамақтануды жолға қою қажет. Уақытылы тынығу да маңызды рөл атқарады. Дене еңбегімен көп шұғылдану қажет. Таза ауада болып, күн көзінде серуендеудің пайдасы өте зор. Зиянды әдеттерден сақтану керек. Жиі қозғалыста болу да маңызды. Салауаттылық – саулық кепілі, ал саулық – байлық негізі.

Өміріміз – өз қолымызда. Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты. Адамға өмір бір-ақ рет беріледі. Бұл ретте оның денсаулығы мықты, рухы күшті болғаны абзал!

П.Мыңбаев,
аудандық орталық аурухана бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары.

Бәріміз бірдейміз...

БАЛАЛАР БАСТЫ НАЗАРДА

Қазіргі таңда Елбасымыз Н.Назарбаевтың атап көрсетуімен мүмкіндігі шектеулі жандарға барынша жағдай жасалуда. Біздің аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде де бұл жұмыстар жүйелі түрде жолға қойылған. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі мүгедек балаларға әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесіндегі жұмыстар атап айтарлықтай.

Аталған бөлімшеде бөлімше басшысы, басшының көмекшісі және 18 әлеуметтік қызметкер жұмыс істейді. Бөлімшеде 81 бала есепте тұрады. 12 баланың психологиялық ауытқуы бар екендігі анықталды.

Үйде тәрбиеленіп, оқытылатын 83 балаға 1 айлық есептік көрсеткіш (АЕК)-1982 теңгеден 162705 теңге төленді.

АҚТҚ (ВИЧ) індетін жұқтырған 2 балаға 21,9 АЕК-43406 теңгеден төленді.

Әрбір мереке сайын балаларға тарту-таралғы жасауды дәстүрге айналдырып келеміз. Мысалы, Наурыз мерекесі қарсаңында демеушілер тарапынан дастарқан жайылып, балаларға азық-түлік себеттері таратылды. Бөлімше қызметкерлері де 5 балаға осындай тарту жасады.

Игілікті ісіміз жалғасын таба беретіндігіне сеніміміз мол.
Р.АЛТАЕВА, бөлімше басшысы.

Бар жақсы – балаларға!

Өзін-өзі танудың берері көп



Адам бойындағы бар рухани байлық оның бала кезінен қалыптасып, адамның өзімен бірге өсіп, дамып отырады. Бала дүниеге келгеннен бастап, ата-ана ортасында, табиғат аясында өседі. Балаға сүйіспеншілік, адалдық пен мейірімділікке өнеге деген ұғымдарды жеткізу мақсатында Сүткент ауылындағы «Бүлдіршін» балабақшасында «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» атты дәстүрлі онкүндік іс-шаралары өтті.

Іс-шараның салтанатты ашылу рәсімінде психолог А.Найманбаева аталған шараның мақсатымен таныстырды. Тәрбиеші М.Серікбаева балалар арасында «Ән-көңілдің ажары» тақырыбында ән байқауын өткізді.

«Қарлығаш» тобынан «Қос қарлығаш» әнімен Серікбай Ақниет жеңіске жетті. Балалардың қатысуымен сахналық көріністер дайындалды. Сонымен қатар, осы жолдардың авторы «Мейірімділік – асыл қасиет», А.Серікбаева «Өнеге – отбасынан», А.Найманбаева «Кәусар бұлақ тұнығынан» атты сабақтар өтті.

Әсемгүл ҚАЗЫБЕК, балабақша тәрбиешісі.

Жемқорлық — індет...

Баршаға ортақ міндет

Сыбайлас жемқорлық – ел экономикасының көтерілуіне үлкен кедергі келтіретін қоғамымыздың ең басты қауіп-қатерлерінің бірі. Сондықтан да оны болдырмау, алдын алу мақсатында елімізде көптеген іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылуда. Алайда, жемқорлықпен күрес барысы күн сайын қарқын алып келеді дегенімізбен, жегі құртқа айналған осы бір қатерлі дерттен бойын аулақ ұстағысы келмейтіндердің қатары да уақыт өткен сайын көбейе түсуде.

Қоғамымыздың барлық саласына дендеп өніп бара жатқан жемқорлықтың жолына батыл тоқсауыл қойып, олардың зардаптарын жою және мүдделілерді жауапқа тарту бүгінгі күннің ең басты міндеттерінің бірі. Осындай келеңсіз құбылыстармен бітпес күрес жүргізу тек сот, құқық қорғау немесе мемлекеттік органдардың міндеті емес, барлық ұлтжанды азаматтардың парызы. Жемқорлықпен күресуді бүкіл халық болып қолға алсақ қана тоқтатуға болады.

Н.ҮСТЕМОВ,
қала әкімдігі аппаратының бас маманы.

Той ұйымдастыру орталығы қызметіңізге әзір

Сіздерге «Шардара» той ұйымдастыру орталығы ашылғанын хабарлай отырып, тойыңызға қажетті әнші, асаба, биші, сценарий және жоғары сападағы видео, фототүсірілім қызметтерін ұсынамыз. Сонымен бірге кеңсеге қажетті тауарлар мен кіші техникалық заттар, ұялы телефон аксессуарлары сатылады.

Біздің мекенжайымыз: «Қалмақан» сауда орталығына қарсы бетте орналасқан «Шардара» той ұйымдастыру орталығы. Байланыс телефондары: 8 775 3088015, 8 771 8858088.

Таңдау пәндерінен ҰБТ-ға дайындық жүруде

Мектептерде ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық қосымша сабақтарын жүргізу біршама ізденістерді талап етуде. Биылғы 2014-2015 оқу жылында аудандағы жалпы 21 орта мектептегі 11-сыныпты бітіруші 1013 оқушының 327-сі биология, 32-сі химия пәнін таңдап отыр. Дәл қазіргі уақытта мектеп бітірушілер жаппай ҰБТ-ға дайындықта. Әрбір оқу жылында мектептерде міндетті түрде қосымша сабақтар, аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинеті тарапынан оқыту семинарлары, практикалық семинарлар, ҰБТ-ға дайындық жұмыстары жүргізіліп отырады. Атап айтар болсақ, жоспар бойынша және аудандық болжау тестінің нәтижесінен кейін биология пәнін көп таңдаған оқушылардың арасында (мысалы, Ш.Уәлиханов және № 1 М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінде) «Таңдау пәндерінен ҰБТ-ға дайындаудың тиімді әдіс-тәсілдері (биология)» атты оқыту-әдістемелік тренинг сабақтары жүргізілді. Ізденуден, үйретуден жалықпайтын ұстаздарымыз аталған оқыту тренинг сабағында Х.Исламова (М.Горький атындағы ЖОМ химия-биология пәнінің

мұғалімі), Қ.Ибрагимова (Қ.Аманжолов атындағы ЖОМ химия-биология пәнінің мұғалімі), А.Қошаева («Жаушықұм» мектеп-лицейінің биология пәні мұғалімі), Ш.Ишниязова («Сырдария» ЖОМ биология пәні мұғалімі), Ә.Сералиева (Т.Айбергенов атындағы мектеп-гимназиясының мұғалімі), Т.Уәлихан («Қоссейіт» ЖОМ мұғалімі), Ж.Мұсырмановалар (А.Әлімбетов атындағы ЖОМ мұғалімі) оқушылармен биология пәнінің барлық саласы бойынша әр түрлі тақырыптарда оқыту тәжірибелерімен бөлісіп, тест кезінде қиын сұрақтарды талдау, шешу және пікір алмасу жұмыстарын жүргізді. Аудандық оқыту және практикалық семинарларда, тренинг сабақтарда өздерінің білімдерімен, тәжірибелерімен бөлісіп жүрген, өзінің сүйікті мамандығын таңдаған, кәсібін шыңдау жолында талмай тату еңбек етіп келу жатқан мұғалімдерімізге, ертеңгі болашағымыз жас ұрпақты біліммен тәрбиелеуде толағай табыстар тілейміз.

Қоғамда санаға серпін беретін, білімдегі биіктерге бастай білетін мұғалімнің өз шәкірттерімен бірге болашақта бағындырар асулары көп болсын.

Динара НАДИРБАЕВА,
аудандық білім бөлімінің әдіскері.

Салық төлеушілердің назарына!

Арақтарға және айрықша арақтарға, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарына ең төмен бөлшек сауда бағаларын белгілеу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 143 қаулысы

«Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі (Қазақстан Республикасының Заңы 3-1-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Арақтарға және айрықша арақтарға, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарына 2015 жылға литріне 1300 теңге мөлшерінде ең төмен бөлшек сауда бағалары белгіленсін.

Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Мәсімов.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 наурыздағы №143 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Алкоголь өніміне ең төменгі бағалар белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 қазандағы №1592 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 49, 475-құжат).
2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы

23 қазандағы № 1592 қаулысына өзгеріс енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 16 маусымдағы № 543 қаулысының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 қарашадағы № 1683 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., № 18, 159-құжат).

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 қазандағы №1592 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 16 наурыздағы №201 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., № 8, 94-құжат).

4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 қазандағы № 1592 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 желтоқсандағы №1130 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., №45, 517-құжат).

5. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 қазандағы № 1592 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 ақпандағы №173 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 21, 261-құжат).

6. «Алкоголь өніміне ең төменгі бағалар белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 қазандағы № 1592 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 маусымдағы №771 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 56, 766-құжат).

7. «Алкоголь өніміне ең төменгі бағалар белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 қазандағы № 1592 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 3 ақпандағы №44 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., №4, 31-құжат).

Шардара ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған «Ерлер есімі – ел есінде» атты аудандық спорттық спартакиада кестесі

Мерзімі	Спорт түрі	Өткізілу тәртібі	Өту орны
25 сәуір	Кеңес Одағының Батыры Сейтқасым Әшіров атындағы дзю-до күресінен 1-ші аудандық турнир	Бүкіләлемдік дзю-до күресі Федерациясы бекіткен ережеге сәйкес. 10 салмақ	№2 БЖСМ
2-3 мамыр	Кеңес Одағының Батыры Абылай Әлімбетов атындағы бокстан 1-ші облыстық турнир	2003-2004 ж.т. – 10 салмақ дәрежесі 2005-2006 ж.т. – 10 салмақ дәрежесі	Орталық стадион
6 мамыр	Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлова атындағы 1-ші аудандық үстел теннисі турнирі	Ұлдар және қыздар	№2 БЖСМ
7 мамыр	Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы аудандық 1-ші тоғызқұмалақ турнирі	Ұлдар және қыздар	№2 БЖСМ
8 мамыр	Халық Қаһарманы Мәулен Қалмырзаев атындағы 2000-2001 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы волейболдан 5-ші облыстық турнир	FIVB бекіткен ережеге сәйкес. Команда құрамы 10 спортшы	Орталық стадион
9 мамыр	Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы атындағы 2000 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы аудандық 1-ші футбол турнирі	FIFA бекіткен ережеге сәйкес. Команда құрамы 20 спортшы	Орталық стадион
9 мамыр	Облыстық армрестлинг турнирі	30,35,40,45,50,55,+55кг-ұлдар Абсолюттік қыздар 75 және +75 кг. ересектер	№1 М.Әуезов атындағы ЖОМ

Аудандық денешынықтыру және спорт бөлімі.

Бәрекемді!

Өркендеріміз шеттерінен өнерлі

Таяуда Алматы қаласында «Ұлан» газеті мен «Атадан мұра» қорының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында «Атадан мұра» атты өнер байқауы болып өткен еді. Өнерлі бүлдіршіндердің шығармашылығын шыңдайтын байқауға №3 «Қазақстан» бастауыш мектебінің 4-сынып оқушылары Мадина Ильяс пен Мерей Жүрсінбектер қатысып, бақ сынаған болатын.



М.Ильяс байқаудың көркем сөз оқу жанры бойынша жеңімпаз атанып, I орынды жеңіп алды. М.Жүрсінбек ән жанрында ерекше көзге түсіп, байқау дипломанты атанды. Қос бірдей өнерлі өрен алдағы уақытта сәлү Көкшенің төрінде өтетін үлкен сынға жолдама алды.

Тағы бір өнерлі өреніміз Мұхтархан Садықов «Жұлдызға жол» республикалық байқауында топ жарды. Шымкенттегі опера және балет театрында 3 күнге созылған сайыста 25 оқушы өнерлерін ортаға салды. Жанды дауыста және музыкалық сүйемелдеусіз ән салуда М.Сыздықов өзгелерден оқ бойы озық өнер көрсетіп, II орынды жеңіп алды. Марпаттау сәтінде жүлдегердің жетекшілері Н.Далабаева мен З.Садықовалар да сый-сияпаттарға ие болды. Өнер жолындағы қанаттарың талмасын, өнерлі өрендер!

Өз тілшіміз.

Ата-аналар назарына!

2014-2015 оқу жылындағы Ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) қатысуға ниет білдіретін 11-сынып оқушыларының өтініштерін қабылдау ағымдағы жылдың наурыз айының 10-нан басталып, 25 сәуірінде аяқталатынын назарларыңызға ұсынамыз. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ұлттық бірыңғай тестілеудің (ҰБТ) ережесіне сәйкес бітірушілердің қатысуы ерікті.

Аудандық білім бөлімі.

Табиғатың – тынысың

Орманды отай көрмеңіз

Өзімізді қоршаған табиғаттың біз үшін пайдасы аса зор екендігін бәріміз білсек керек. Алайда, соны біле тұра, кейде тал-дарақтарды аяусыз балталап, шауып аламыз. Ол да қажеттіліктен шығар. Бірақ арнайы рұқсатсыз болмаса, ормандағы ағаштарды бейберекет шаба беруге болмайды.

Сонан соң әлдебір жағдайлармен орман-тоғайларға барғанда, серуендегенде өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтаңыздар. Сіздің салғырттығыңыздан орман өртке оранып жүрмесін.

Ж.ОРЫНБАЕВ,
Шардара орманшылығы №20 айналымның орман күтуші-қорықшысы.

Жасыл желек – жанға сая

Қазақстан аумағында сирек кездесетін сексеуіл ағашы «Қызыл кітапқа» енген табиғи өсімдіктердің бірі. Яғни, сексеуіл ағашы мемлекет тарапынан ерекше қамқорлыққа алынған. Сексеуілді отындыққа алмақ түгілі, жай ғана сындыруға болмайды.

Әрине, біз отын дайындама демейміз. Оны дайындаудың жөн-жосығы бар. Ақысын төлеп, арнайы рұқсат қағаз алып, отын дайындайтын жерлерден әзірлесе, оларға ешкімнің де дауы жоқ. Бар мәселе, жөн-жосықсыз, кез келген жерден сексеуіл сындырып, кейде трос арқылы атшаптырым аумақтағы өскінді жайпап кететініміз көңілге кірбің ұялатады.

Егер сіз осы ескертпелерге құлақ аспай, сексеуілдерді сындыратын болсаңыз, онда заңда көрсетілгендей, үлкен айыппұл төлейсіз. Сондықтан сексеуілге жай отын деп қарамаңыз.

Бердіқұл САРБАСОВ,
Шардара орманшылығы №8 айналымның орман күтуші-қорықшысы.

Провизор маман қажет

Шардара аудандық орталық ауруханасының дәріханасына провизор маман қажет.

Қойылатын талаптар: жоғары фармацевтикалық білімі, іс-тәжірибесі (еңбек өтілі кемінде 1-3 жыл арасында болса) және компьютерлік сауаттылығы.

Талап білдірушілер 2-16-92; 8-701-293-84-56 телефондарына хабарласуға болады.

Үй сатылады

Шардара қаласы, М.Әуезов көшесі, №1 (жеке үй) сатылады. Үй 5 бөлмелі. Бағасы келісім бойынша. 8-775-991-61-67 телефонына хабарласуға болады.

Шардара қаласы, I мөлтекаудан, С.Сейфуллин көшесі, №7/2 үй сатылады. Жылу жүйесі жүргізілген. Құдығы, жеміс ағаштары, сауда жасайтын дүкені бар. Бизнеспен айналысуға қолайлы. Бағасы келісім бойынша. 2-13-75; 8-702-475-75-66; 8-702-787-83-67 телефондарына хабарласуға болады.

Шардара қаласы, Желтоқсан көшесі, №38/2 үй сатылады. Үй 5 бөлмелі. Гараж, тапшан, 4 тонналық құдығы, сарайлары бар. Су үздіксіз келіп тұрады. Бағасы келісім бойынша. Барлық құжаттары түгел. 8-705-374-89-61; 8-701-728-30-27 телефондарына хабарласуға болады.

Спорт

Қыздар жарыс жолында

10-12 сәуір аралығында «Спортшы жасөспірімдер нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы!» атты ұранымен 2001-2002 жылы туылған жасөспірім қыздар арасында волейболдан №1 аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің (АБЖСМ) спорттық спартакиадасы болып өтті.

Жарысты №1 АБЖСМ директоры А.Сакиев ашып, жас спортшыларға жарыста сәттілік тіледі. Қызықты әрі тартысты өткен ойындар қорытындысы бойынша I орынды №1 М.Әуезов атындағы ЖОМ командасы қанжығасына байлады. II орынды Ш.Уәлиханов атындағы ЖОМ командасы иемденді. III орынды Шардара №1 АБЖСМ командасы қанағат тұтты.

Д.МҰСАЕВ, №1 АБЖС әдіскері.

Құттықтаймыз!

Сүткент ауылының тұрғыны, қадірменді ағамыз **Тұрғынбай Ахметовті 22 сәуірде 63 жасқа** толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Осы ауылдың төл тумасы Т.Ахметов орта мектепті бітірген соң, Қазақ политехникалық институтын тәмамдап, құрылыс саласында еңбек етті. №1, №22 ЖМК-да құрылыс шебері, бас экономист, ауыл әкімдігінде бас маман қызметтерін абыроймен атқарды.

Мерейтой иесіне алдағы уақыттары да зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Ұл-қыздары мен немере-шөберелерінің қызығын көріп, орнықты отбасы ретінде ортамызда күліп-ойнап жүре беруіне тілектеспіз.

Ізгі ниетпен: інісі – Мейірбек.



Хабарландыру

Құрметті оқырмандар!

«Қазпошта» АҚ ОҚОФ Шардара аудандық пошта байланыс торабы 2015 жылдың II жартыжылдығына газет-журналдарға, басылымдарға жазылу науқаны 2015 жылдың 6 сәуірінен басталғанын хабарлайды.



Мәлімет алу үшін 2-11-14; 2-20-88 телефондарына және барлық елді мекендердегі пошта байланыс бөлімшелеріне хабарласуға болады.

«Қазпошта» АҚ ОҚОФ Шардара АПБТ әкімшілігі.

Асқа шақыру

Шаңырағымыздың биік ұстыны, отбасымыздың орнықты отағасы бола білген асқар таудай тірегіміз, қадірменді әкеміз **Байзақ Пасенұлының** мәңгілік сапарға аттанғанына да жылдың жүзі болыпты. Алла әмірі солай болса, оған қарсы келер амал бар ма? Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын жан әке, – деп рухына құран-дұға бағыштап қала береміз де.

Қайғыға орап қайран мынау жүректі, Сізсіз әке, бүгін міне, жыл өтті.

Аллам өзі жұмағынан жай сыйлап, Жаратқаным қабыл етсін тілекті.

Ашық болып әрдайым да төріміз, Қабақ шытып көрмегенбіз тегі біз.

Құда-жегжат, тума-туыс, ағайын, Жылдық асқа шын ниетпен келіңіз,

– дей отырып, барша құда-жегжат, дос-жарандарды сәуір айының 25 (қонақасы сағат 17.00-де) және 26 жұлдызында (сағат 12.00-де) өтетін әкеміз Байзақ Пасенұлының жылдық асына шақырамыз.

Ас Шардара қаласы, II мөлтекауданы, Оңдасынов көшесі, №5 үйде беріледі.

Ас берушілер: Пасеновтер жанжасы.



Мұра ашылды

2014 жылғы 30 қарашада Алатау батыр ауылы, С.Сейфуллин көшесі, №15 үйдің тұрғыны Аркабаев Сабит Махамбетовичтің мүлкіне мұра ашылды.

Мұрагерлер Шардара қаласындағы нотариалдық кеңсеге хабарласуы тиіс. **Нотариус.**

2014 жылғы 29 желтоқсанда Қ.Тұрысбеков ауылдық округі, Т.Бокин көшесі, нөмірсіз үйдің тұрғыны Сугиралиев Есендіктің мүлкіне мұра ашылды. Мұрагерлер Шардара қаласындағы нотариалдық кеңсеге хабарласуы тиіс. **Нотариус.**

2011 жылғы 15 шілдеде Шардара қаласы, Б.Тәжиев көшесі, №38/1 үйдің тұрғыны Шалабаев Рүстем Бұхарбайұлының мүлкіне мұра ашылды. Мұрагерлер Шардара қаласындағы нотариалдық кеңсеге хабарласуы тиіс. **Нотариус.**

2014 жылғы 9 наурызда Егізқұм ауылының тұрғыны Абдикаликов Жаксылықтың мүлкіне мұра ашылды. Мұрагерлер Шардара қаласындағы нотариалдық кеңсеге хабарласуы тиіс. **Нотариус.**

«Өскен өңір» ЖШС

Меншік иесі:

Шардара ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Өскен өңір»

Шардара аудандық газеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДИРЕКТОР-БАС РЕДАКТОР
Есенбай БЕЙСЕНБИЕВ

Бас редактордың орынбасары
Сәбит ЛАХАНОВ

Баспасөз хатшысы
Мейірхан АҒЛАМАСОВ

ТІЛШІЛЕР
Құдайберген ӨТЕШ
Клара БӨРІБЕКОВА
Жанар ӘБДІРАХЫМОВА

БЕТТЕУШІ
Айнұр САРБАСОВА

ФОТОТІЛШІ
Ақниет ӘБУБӘКІРОВА

БАҒДАРЛАМАШЫ
Айдар ӘБУБӘКІРОВ

ОПЕРАТОР
Марал ТӨРТБАЕВА

КОРРЕКТОР
Әлібай СЕРИЕВ

БАЙЛАНЫС

ТЕЛЕФОНДАРЫ

Бас редактор
2-11-59

қабылдау бөлімі,
телефакс

2-18-60;
2-18-09.

Газетті ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігі

20.08.2012 жылы қайта есепке қойып,

№12966-Г куәлігі берілген. Газет индексі: 66731

Газет аптасына 1 рет шығады.

Газет «Өскен өңір» газеті редакциясының компьютер орталығында теріліп,

«АЙҒАҚ» Баспа үйі» ЖШС-ның баспаханасында басылды.

Мекенжайы: Шымкент қаласы, Ф.Ильев көшесі, 29.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды. Газетте интернет сайттарынан мақалалар мен суреттер жарияланып тұрады.

Мекенжайымыз: Индекс: 161400

Шардара қаласы, С.Әшіров көшесі, №6-үй

ТАРАЛЫМЫ-4120
ТАПСЫРЫС-116

Біздің электрондық пошта e-mail: Oskenonir@mail.ru

Сайт: www.oskenonir.kz

http://baq.kz/kk/regional_media/media/57

Нөмірдің кезекшісі: Клара БӨРІБЕКОВА